

Парламентаризм институты
директорының 2023 ж. « 14 »
тамыздағы № 40
бұйрығымен БЕКІТІЛДІ

1-қосымша

Парламентаризм институтының сарапшылық пулы туралы Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже сарапшылық пулын қалыптастыру тәртібін және салалық орталықтардың Парламентаризм институтының (бұдан әрі – *Институт*) сарапшылық пулына енгізілген сарапшылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

2. Сарапшылық пул Институт заң жобаларын әзірлеу және оларды талқылау кезінде тиісті салалар бойынша арнайы кәсіби білімдерді алмасу, сарапшылық пікір мен кәсіби бағалауды алу мақсатында құрылған консультативтік құрылым болып табылады.

3. Сарапшылар өз қызметін заңдылық, объективтілік және тәуелсіздік қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

4. Институттың коммерциялық жобаларына қатысу жағдайларын қоспағанда, сарапшылардың қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

5. Сарапшыларды коммерциялық жобаларға тарту үшін шарт жасалады.

6. Сарапшылар пулына енгізілген сарапшылар «Парламентаризм институтының ұлттық сарапшысы» мәртебесіне ие болады.

2. Сарапшы пулын қалыптастыру тәртібі

7. Сарапшылық пул ғалымдар, қоғам қайраткерлері, әртүрлі сайланымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, кәсіби білімі бар және заң шығару жұмысында тәжірибесі бар өзге де беделді сарапшылар қатарынан қалыптастырылады.

8. Сарапшылық пулдың құрамына Институттың серіктестері болып табылатын басқа елдер ұйымдарының құқықтанушы-ғалымдары енгізілуі мүмкін.

9. Сарапшылық пулдың құрамы Институт директорының бұйрығымен бекітіледі. Сарапшылық пулдың құрамына қажет болуына қарай өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10. Институттың <https://parlaminst-mtqb.qr-pib.kz/ru/> интернет-ресурында сарапшының фотосы мен кәсіби қызметі туралы қысқаша түйіндеме орналастырылады. Түйіндемеде сарапшы туралы мынадай деректер болуы тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (ТАӘ), ғылыми дәрежесі, ғылыми

мамандануы, ғылыми қызығушылық саласы, біліктілік деңгейі және кәсіби тұрғыда іске асыру тәжірибесі.

11. Сарапшыларды іріктеу кезінде мынадай қағидаттар сақталады:

– ғылыми мамандануға, ғылыми қызығушылықтар саласына, біліктілік деңгейі мен тәжірибесіне сүйене отырып, заң жобаларының тақырыбы мен күрделілік деңгейіне (ауқымдылығына) сәйкестік қағидаты;

– мүдделер қақтығысының болмау қағидаты. Іріктелетін сарапшылардың өздері дайындайтын құқықтық қорытындыларға, ұсынымдар мен тұжырымдарға жеке мүдделері болмауы қажет;

– алқалылық қағидаты. Кәсіби дайындық пен құзыреттілік деңгейлері, сондай-ақ сарапшылар пулының өкілдік спектрі теңгерімді болуы керек.

12. Сарапшыларды сарапшылық пулға іріктеу рәсімі мынадай әрекеттер:

– сарапшы іздеу бейнесін қалыптастыру;

– іздеу бейнесінің өлшемшарттарына сәйкес келетін сарапшыларды іздеу;

– сарапшылық пулдың тізімін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Сарапшылық пул сарапшыларының міндеттері

13. Сарапшылардың негізгі міндеттері:

– Институттың салалық орталығы әзірленіп жатқан заң жобасына жетекшілік ететін сала (құзыреттер аясы) бойынша қорытынды нысанында құқықтық не кәсіби бағалауды (қорытынды) беру;

– депутаттардың бастамасы бойынша Институт әзірлейтін заң жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

– Институт атынан жұмыс тобына қатысу;

– дөңгелек үстелдердің жұмысына және олардың ұсынымдарын әзірлеуге қатысу.

14. Тапсырмаларды орындау үшін сарапшылық пулдың мүшелері:

– қаралатын заң жобасына қатысты құжаттармен танысады;

– салалық орталық дайындаған қорытынды шеңберінде Институттың сарапшылық ұстанымын баяндайды және осы қорытынды шеңберімен шектеледі, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша нысанда беріледі;

– дөңгелек үстелде талқыланатын мәселелерге және заң жобасына қатысты талдамалық және анықтамалық материалдарды сұратады және алады;

– дөңгелек үстел материалдарының жинағына енгізу үшін өзінің сөйлеген сөздерін (мақаласын) ұсынады;

– Институт атынан әзірленіп жатқан заң жобасы бойынша Институттың интернет-ресурсында «Сарапшының пікірі» бөлімінде пост жазу арқылы сараптамалық пікір білдіре алады.

4. Салалық орталықтардың сарапшылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

15. Әзірленіп жатқан заң жобасына тәуелсіз құқықтық бағалауды (қорытындыны) алу мақсатында Институттың салалық орталықтары (жария

заңнама және мемлекеттік басқару орталығы, жеке заңнама орталығы, сот жүйесі және құқық қорғау органдары орталығы, әлеуметтік жобалар және қоғамдық бастамалар орталығы және қаржы және корпоративтік заңнама орталығы) міндетті түрде сараптамалық пулдың құрамына енгізілген сарапшылармен өзара іс-қимыл жасайды.

16. Салалық орталықтардың басшылары сарапшылық пулдың құрамына кіргендердің арасынан сарапшыларды белсенді ынтымақтастыққа шақырады. Жыл сайын ҚР Парламенті депутаттары бастамашылық жасаған заң жобаларын әзірлеу кестесіне сәйкес сарапшылармен Өзара іс-қимыл жоспары-кестесі жасалады.

17. Салалық орталықтардың басшылары сарапшыларға әзірленіп жатқан заң жобасы бойынша сұратылған материалдарды жолдайды.

5. Пікір жинау әдістері және сарапшылармен ынтымақтастықтың өзге де түрлері

18. Сарапшылар мен қоғамның белсенді өкілдерінің кең ауқымды пікірлерін алу үшін Институт келесі әдістер мен құралдарды қолданады:

- сарапшылармен Whatsapp чат;
- Telegram қоғамдық арнасында баптарды талқылау бойынша комментарийлар;
- әлеуметтік желілерде сараптамалық талқылауларды жариялау және пікірлерді жинау - краудсорсинг (crowdsourcing);
- ZOOM платформасында онлайн бейнеконференциялар, дөңгелек үстелдер;
- шақырылған сарапшымен терең сұхбат;
- жергілікті тұрғындар арасында онлайн блиц-сауалнама.

19. Депутаттардың бастамасы бойынша әзірленетін Институт үшін барынша өзекті заң жобалары бойынша оның маңыздылығы мен орындылығы тұрғысынан сарапшылар мақала дайындау, сұхбат беру, кеңейтілген кенестерге қатысу, Институт интернет-ресурсында пост жазу арқылы өз пікірлерін білдіре алады.

20. Институт коммерциялық жобаларды іске асыру мақсатында сарапшылар пулынан сарапшыларды жобаға тартады.

21. Шарт әрбір сарапшымен жасалады. Қатысудың егжей-тегжейлі талаптары шартта көрсетіледі.

УТВЕРЖДЕНО
Приказом директора
Института парламентаризма
от 14 августа 2018 г. № 40

Приложение 1

Положение об экспертном пуле Института парламентаризма

1. Общие положения

1. Настоящее Положение определяет порядок формирования экспертного пула и порядок взаимодействия отраслевых центров с экспертами, включенными в экспертный пул Института парламентаризма (далее – *Институт*).

2. Экспертный пул является консультативной структурой, образованной с целью обмена специальными профессиональными знаниями, получения экспертного мнения и профессиональной оценки по разным отраслям при разработке проектов законов Институтом и их обсуждении.

3. Эксперты осуществляют свою деятельность на основе принципов законности, объективности и независимости.

4. Деятельность экспертов осуществляется на безвозмездной основе, кроме случаев участия в коммерческих проектах Института.

5. Для вовлечения экспертов в коммерческие проекты заключается договор.

6. Эксперты, включенные в состав экспертного пула, имеют статус «национальный эксперт Института парламентаризма».

2. Порядок формирования экспертного пула

7. Экспертный пул формируется из числа ученых, общественных деятелей, депутатов Парламента Республики Казахстан различных созывов,

иных авторитетных экспертов, обладающих профессиональными знаниями и имеющих опыт законотворческой работы.

8. В состав экспертного пула могут быть включены ученые-правоведы организаций других стран, являющихся партнерами Института.

9. Состав экспертного пула утверждается приказом директора Института. В состав экспертного пула могут быть внесены изменения по мере необходимости.

10. На интернет-ресурсе Института <https://parlaminst-mtqb.qr-pib.kz/ru/> размещаются фото и краткое резюме о профессиональной деятельности эксперта. Краткое резюме должно содержать следующие данные об эксперте: фамилия, имя, отчество (ФИО), ученая степень, научная специализация, область научных интересов, уровень квалификации и опыт профессиональной реализации.

11. При отборе экспертов соблюдаются следующие принципы:

– принцип соответствия тематике и уровню сложности (масштабности) проектов законов исходя из научной специализации, области научных интересов, уровня квалификации и опыта;

– принцип отсутствия конфликта интересов. Отбираемые эксперты не должны иметь личной заинтересованности в подготавливаемых ими правовых заключениях, рекомендациях и выводах;

– принцип коллегиальности. Уровни профессиональной подготовки и компетенции, а также спектр представительности экспертов пула должны быть сбалансированы.

12. Процедура отбора экспертов в экспертный пул осуществляется посредством соблюдения следующих действий:

- создание поискового образа эксперта;
- поиск экспертов, удовлетворяющих поисковому образу;
- формирование состава экспертного пула.

3. Задачи экспертов экспертного пула

13. Основные задачи экспертов:

- предоставить отраслевым центрам Института правовую либо профессиональную оценку (заключение) по курируемой отрасли (сфере компетенций) на разрабатываемый проект закона в форме заключения;
- участвовать в разработке и обсуждении проектов законов, разрабатываемых Институтом по инициативе депутатов;
- участвовать в рабочей группе от имени Института;
- участвовать в работе круглых столов и в выработке их рекомендаций.

14. Для выполнения задач члены экспертного пула:

- знакомятся с документами, касающимися рассматриваемого проекта закона;
- излагают экспертную позицию Института в рамках подготовленного отраслевым центром заключения и ограничены рамками данного заключения, а также дают замечания и предложения по проектам принимаемых решений в письменной форме;
- запрашивают и получают аналитические и справочные материалы, касающиеся обсуждаемых вопросов на круглом столе и рассматриваемого проекта закона;
- предоставляют свои выступления (статьи) для включения в Сборник материалов круглого стола;
- могут выразить экспертное мнение от имени Института по разрабатываемому проекту закона написанием поста на интернет-ресурсе Института в разделе «Мнение эксперта».

4. Порядок взаимодействия отраслевых центров с экспертами

15. С целью получения независимой правовой оценки (заключения) на разрабатываемый проект закона отраслевые центры Института (центр публичного законодательства и государственного управления, центр частного законодательства, центр судебной системы и правоохранительных органов,

центр социальных проектов и общественных инициатив и центр финансового и корпоративного законодательства) в обязательном порядке взаимодействуют с экспертами, включенными в состав экспертного пула.

16. Руководители отраслевых центров приглашают к активному сотрудничеству экспертов из числа включенных в состав экспертного пула. Ежегодно составляется План-график взаимодействия с экспертами согласно графику разработки законопроектов, инициированных депутатами Парламента Республики Казахстан.

17. Руководители отраслевых центров направляют экспертам запрашиваемые материалы по разрабатываемому проекту закона.

5. Методы сбора мнений и иные виды сотрудничества с экспертами

18. Для получения широкого спектра мнений экспертов и активных представителей общества Институт использует следующие методы и инструменты:

- чат с экспертами в Whatsapp;
- комментарии на постатейное обсуждение на публичном канале Telegram;
- краудсорсинг (анонсирование экспертных обсуждений в социальных сетях);
- онлайн видеоконференции, круглые столы на платформе ZOOM;
- глубинное интервью с приглашенным экспертом;
- онлайн блиц-опросы населения.

19. По наиболее актуальным для Института проектам законов, разрабатываемым Институтом по инициативе депутатов, эксперты могут выразить свое мнение в части значимости и целесообразности посредством подготовки статьи, дачи интервью, участия на расширенных совещаниях, написания поста на интернет-ресурсе Института.

20. Институт с целью реализации коммерческих проектов привлекает экспертов из экспертного пула.

21. В случае запуска коммерческих проектов договор заключается с каждым экспертом. В договоре указываются детальные условия участия.